RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ
MEDIA

№ 06
/sársenbi/
12 aqpan
2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

16+

www.aigak.kz

Bizdiń bolashaǵymyz - jastar. Biz jastardy jańa ómirge beıimdeı bilýimiz kerek.

Nursultan NAZARBAEV,
Qazaqstan Respýblıkasynyń Tuńǵysh Prezıdenti-Elbasy

## Абайдың қара сөздері

### ҮШІНШІ ҚАРА СӨЗ

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағынын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейteміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым - солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек - әр қазақтың ойы осы.

Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, менананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сезім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық.

Жалғасы 4-ші бетте

## «ҚАМҚОРЛЫҚ» - СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс деп атап өткен болатын. Ал, 2015 жылдан бері елімізде жүзеге асырылып келе жатқан «Еңбек» бағдарламасының мақсаты — халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірі тұрғындарын жұмыс күші жетіспейтін солтүстік аймақтарға қоныстандыру. Осының негізінде Түркістан облысы бойынша өткен жылы 288 отбасы қоныс аударса, жалпы бүгінге дейін 1500-ге жуық жанұя теріскейге барып, тұрақтап қалды. Аталған бағдарлама аясында Солтүстік жеріне барып өз кәсібін өрге дөңгелетіп отырған жерлестерімізге Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің бастамасымен қолға алынған «Қамқорлық» жобасын Түркістан облыстық мәслихаттың депутаты, «Nur Otan» Партиясының мүшесі Дулат Әбіш жалғастыруды қолға алды.

Жалғасы 3-ші бетте






## ШЫМҚАЛАДА 1 300 000 ҚЫЗҒАЛДАҚ БҮР ЖАРАДЫ

Шымкент қаласы биыл гүл жайнаған қалаға айналады. Шуақты өлкенің жасыл желегі бұрынғысынан да көркейіп, жайқала түспек. ТМД елдерінің мәдени астанасы мәртебесін иемденген шаһар қонақтарды қала көркін келтіруші әсем гүлдермен қарсы алады, - деп жазады Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Шымкент - Орталық Азияның мықты экономикалық орталығына, тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы жағдай жасалған үлкен әрі тартымды мегаполиске айналуы керек. Қаланы дамытудың жаңа стратегиясы осы өңірде ірі өнеркәсіптік, инновациялық, туристік, сауда және логистикалық орталық қалыптастыруға бағытталуы қажет, – деген болатын.

Міне, көктем маусымында ең алғаш гүлдеп, қалаға ерекше көрік және сән беретін 1 миллион 300 мың қызғалдақ гүлі егіліп жатыр. Шымкенттің символы болып табылатын қызғалдақтың басым көпшілігі голландық сұрыптағы сары, қызыл, көк, қызғылт және күлгін түсті.

Қызғалдақ гүлдерінің гүлдеу маусымы аяқталғаннан кейін, яғни, олардың орнына басқа да жаздық гүлдер егіледі. Биыл олардың саны екі есеге артпақ. Яғни, 2 миллионға жуық жаздық гүл көшеттерін отырғызу жоспарлануда. Бұдан бөлек, осы жылы көктемгі және күзгі маусымдарында көпжылдық 25 мың данадан астам раушан гүл көшеттері мен 90 мың дана лигуструм бұтақшалары, 30 мың дана қылқан және жай жапырақты ағаш көшеттері отырғызылады деп күтілуде. Осылайша, әсем гүлдер мен жасыл желек үшінші мегаполистің ажарын аша түспек.

Қаланы көріктендіруші мамандардың айтуынша, гүлдер сәулетшілер мен суретшілердің бірлесіп сызған эскизіне сай егілмек.

**Жанар ӘУЕЗ**

## Рухани ұстаз

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түрки – ұлы ғалым, ислам философиясының жарық жұлдызы. Әбу Насыр әл-Фарабиді бүкіл әлем ғалымдары мойындаған, Аристотельден соң екінші ұстаз атанған Шығыстың ғұлама, энциклопедист тұлғасы.

Шығыстың ұлы ойшылының шығармашылық мұрасына деген үлкен қызығушылық бүкіл әлемде және Қазақстанда да толассыз артып келеді. Әл-Фарабидің өзінен кейінгі мәдениетке, Шығыс және Орталық Азия халықтары, соның ішінде дүйім түркі жұрты мен қазақ халқының мәдениетінің дамуына ықпалы ұзақ және жан-жақты болды. Тарихи деректер Фарабидің қазақ халқының құрамына енген түркі тайпасының дәулетті ортасынан шыққандығын негіздейді. Әл-Фарабидің туған жері Отырар қаласы, онда қалыптасқан өркениет ортағасырлардағы тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет пен ғылым ортаслығы болды.

Фараби дүниетанымы жаратылыстану, философия, этика, саясат мәселелерін түгел қамтыған үйлесімді жүйе болып табылады. «Екінші Ұстаздың» адамзат қоғамының пайда болуы, мемлекеттік құрылым, әлеуметтік болмыстың түрлі формалары, ақыл-ой мен этикалық мінез-құлық нормалары туралы ойлары өзі өмір сүрген дәуірдің мәнін айқындайды. Түркі тілдерінде жазылған Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи, Махмұд Қашқари шығармаларында ұлы түркі ойшылының рационалистік және гуманистік идеялары анық көрініс тапқан. Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығы негізінде қалыптасқан рухани және мәдени кеңістік идеялары қазақ даласының ұлы ғұламалары – Абай мен Шәкәрім ойларында үндестік тапты.

Фараби еңбектері XIII-XVII ғасырлардан басталатын, еуропа тілдеріне аударылып, кітап болып басыла бастады. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Париж қаласында Фарабидің ең маңызды еңбектерінің бірі «Музыканың Үлкен кітабы» жарық көрді.

Еуропаның ортағасырлар мен жаңа дәуірдегі ірі ойшылдары Р.Бэкон, Д.Скотт, Ф.Бэкон, Р.Декарт, Г.Лейбниц, Б.Спиноза сынды ғалымдар өздерінің теориялық шығармаларында Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд еңбектерін кең пайдаланды. Әл-Фарабидің пайымдауынша, философияның маңызы өте зор, өйткені нағыз бақытқа жол сілтейтін философиялық білім қатып қалған ілімдердің жиынтығы емес. Әрбір жаңа ұрпақ арқылы еселеніп, толығып отыратын білім арқылы толысатын даналық. Шығыс мәдениетінде рухани ұстазға, рухани тамырларға, рухани құндылықтар мен дәстүрлерге деген ізгі қатынас қалыптасқан.

Әл-Фараби адамзат баласының шексіз кемелдікке деген ұмтылысының зерделеушілердің бірегейі. Ол өз дәуірінің де, мына ұшқыр XXI ғасырдың да санатына жатады.

Шығыс пен Батыстың ұлылар керуені бүгін де адамзат баласымен бірге үндесіп, бірге тілеулес болып жатыр. Олардың мыңдаған жылдар бұрынғы еңбектері бүгінгі күннің қажетіне асуда.

**Одри АЗУЛАЙ,**
*ЮНЕСКО-ның Бас Директоры,*
Париж, 2019 жыл.

# АСҚАР МАМИН ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА ӘКІМІ БЕРДІБЕК САПАРБАЕВТЫ ТАНЫСТЫРДЫ





Үкімет басшысы Асқар Мамин Жамбыл облыстық мәслихатының кезектен тыс сессиясына қатысты, онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңір әкімі қызметіне ұсынған Бердібек Сапарбаевтың кандидатурасына бірауыздан келісім берілді, - деп хабарлайды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Баспасөз Қызметі.

Жамбыл облысының активімен өткен кеңесте А. Мамин Асқар Мырзахметовтің өңірдің дамуына қосқан үлесін атап өтіп, аймақ әкімі лауазымында атқарған жұмысы үшін алғыс білдірді.

Жаңа әкімді таныстырған Премьер-Министр оның аймақтық және республикалық деңгейлердегі басшылық қызметтердегі жұмыс тәжірибесін атап өтті.

«Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жамбыл облысының дамуына ерекше көңіл бөледі. Қазіргі таңда өңір басшылығының алдында ауқымды міндеттер тұр. Ең алдымен, идеологиялық жұмысқа және ұлтаралық келісімнің нығаюына, әлеуметтік-экономикалық жағдай мен халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға баса назар аудару қажет», — деді А. Мамин.

Үкімет басшысы экономиканың тұрақты дамуын, инвестициялар тарту, жаңа жұмыс орындарын құру, азаматтардың өмір сүру сапасын және табысын арттыру бойынша міндеттерді шешудің маңыздылығын атап өтті.

«Бердібек Машбекұлына басшылық қызметтердегі тәжірибесі мен білімі облыс активімен және мәслихат депутаттарымен бірлесіп, Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді сапалы орындауға мүмкіндік беретініне сенімдімін», — деді А. Мамин.

Кездесуде облыстық және қалалық мәслихаттардың хатшылары Бағлан Қарашолақов пен Батырбек Күлекеев, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің ректоры Ерболат Саурықов пен «Қазфосфат» ЖШС бас директоры Мұқаш Ескендіров сөз сөйлеп, Мемлекет басшысы ұсынған Бердібек Сапарбаевтың кандидатурасына қолдау білдірді және Жамбыл облысының жаңа әкіміне табысты әрі жемісті жұмыс тіледі, - делінген хабарламада.

Бердібек Сапарбаев 1953 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Еңбек жолын 1969 жылы «Задаринский» совхозының жұмысшысы ретінде бастаған. 1977 жылы Алматы Халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітірді. Институтты бітірісімен Республикалық мемлекеттік еңбек жинақтау кассалары басқармасында экономист болып еңбек етті.

Түрлі жылдары Бердібек Сапарбаев Президент Аппаратында, Министрлер кабинеті Аппаратында, ҚазКСР Қаржы министрлігінде, ҚР Кедендік бақылау агенттігі мен комитетінде, ҚР Қаржы министрлігінде басшылық қызметтерді атқарған. Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының әкімі, экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметтерін атқарған. 2019 жылғы тамыздан бастап ҚР Премьер-Министрінің орынбасары лауазымын атқарды.

## Бұл аптада кімдер туылған?

**12.02.1967**
***Ұласбек СӘДІБЕКОВ,***
*Сайрам ауданының әкімі*

**13.02.1961**
***Серікқали ЖЕКСЕНБАЕВ,***
*Төлеби ауданының «Құрметті азаматы», Журналист*

**13.02.1964**
***Жаңабай АҒАБЕКОВ,***
*Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Евро Ремонт Сервис» ЖШС-ның директоры*

**15.02.1950**
***Кәрім ҮКІБАЕВ,***
*Қазақстанның құрметті журналисі*

**15.02.1954**
***Бекмолда ЖҰМАБАЙ,***
*«Оңтүстіксушаруашылығы» Арыс-Түркістан РГП филиалының басшысы*

**15.02.1973**
***Қалыбек РСЫМБЕТОВ,***
*Төлеби ауданындағы Ақбастау ЖОМ директоры*

**16.02.1947**
***Сайлаукүл БАРАХОВА,***
*Түркістан облысының «Құрметті азаматы», Қоғам қайраткері*

**16.02.1968**
***Салтанат ҚАРАКӨЗОВА,***
*Түркістан облысының Полиция Департаментінің Сыртқы және ішкі байланыстар басқармасының бастығы, полиция полковнигі*

***Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!***

## Тағайындау



### Жанат СҮЛЕЙМЕНОВ -

*Жамбыл облысы Полиция департаментінің жаңа бастығы*

Жамбыл облысы Полиция департаментіне жаңа бастық тағайындалды,-деп хабарлайды Polisia.kz.

ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығымен Жамбыл облысы Полиция департаментінің бастығы болып Сүлейменов Жанат Қуанышұлы тағайындалды. Жаңа бастықты жеке құрамға Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев таныстырды.

Сүлейменов Жанат Қуанышұлы 1962 жылы дүниеге келген, ішкі істер органдарында 1980 жылдан бастап қызмет етеді. Басшылық лауазымдарда жұмыс тәжірибесі мол. Әр жылдары Есірткі бизнесіне қарсы күрес, Криминалдық полиция комитеттерін, Көліктегі, сондай-ақ Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының Полиция департаменттерін басқарды. 2017-2019 жылдары ҚР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарды.

Арман Молдиярұлы Оразалиев Ішкі істер министрінің бұйрығымен кадр резервіне ауысумен атқаратын қызметінен босатылды.

### Ильяс ҚҰРАМЫСОВ -

*Павлодар облысының экология департаментінің басшысы*



Павлодар облысының экология департаментін Ильяс Құрамысов басқаратын болды. Бұл туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып, «Айғақ-Ақпарат» тілшісі хабарлайды.

Ильяс Шойбекұлы 1984 жылы туылған, білімі жоғары, мамандығы бойынша заңгер, экономист. Еңбек жолын 2004 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы прокуратурасында басқарма маманы қызметінен бастаған. 2005-2017 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы прокурорының көмекшісі, Алматы облысы, Талдықорған қаласы прокурорының көмекшісі, Алматы облысы прокуратурасының мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықты қадағалау басқармасының прокуроры, Алматы облысы прокурорының аға көмекшісі, Қазақстан Республикасы Бас Прокурордың көмекшісі, Астана қаласы прокуратурасы Аппаратының басшысы, «Самрұқ Энерго» АҚ «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС бас директоры, Павлодар облысы прокурорының аға көмекшісі, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты мемлекеттік құқықтық бөлім басшысы, ОҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы қызметін атқарған. Осы уақытқа дейін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің кеңесшісі лауазымында еңбек етті.

### Бұхарбай ПАРМАНОВ

*Абай ауданының әкімі*



Қалалық мәслихатының кезектен тыс сессиясында депутаттар Бұхарбай Пармановтың Шымкент қаласы Абай ауданының әкімі лауазымына кандидатурасын бірауыздан қолдады.

Бұхарбай Рысқұлұлы 1962 жылы дүниеге келген, білімі – жоғары. Еңбек жолы 1980 жылы Ленин ауданы Әлішер Навои колхозының колхозшысы болудан басталған. Салық және қаржы полициясы органында және Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары, Сарыағаш, Төлеби аудандарының әкімі лауазымын атқарған.

2019 жылдан бүгінгі күнге дейін қала әкімінің орынбасары лауазымын атқарып келді.

### Ербол САДЫР -

*Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары*



Шымкент қаласы әкімінің өкімімен Садыр Ербол Әбілхайырұлы қала әкімінің орынбасары қызметінен босатыла отырып, қала әкімінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды, - деп хабарлайды Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі

Ербол Әбілхайырұлы 1973 жылы туылған, білімі жоғары, мамандығы бойынша экономист. Еңбек жолын 1994 жылдан Созақ аудандық орталық ауруханасы бас дәрігерінің экономика жөніндегі орынбасары болып бастаған. 1995-2009 жылдары Созақ ауданы әкімшілігі экономика бөлімінің бас маманы, меңгерушісі, экономика, шағын және орта бизнесті қолдау, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі бөлімдерінің меңгерушісі, облыстық кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі басқарма басшысының орынбасары, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы инвестициялық саясат бөлімінің басшысы, Оңтүстік Қазақстан облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы қызметтерін атқарған. 2013-2017 ОҚО әкімінің орынбасары, кейіннен Түркістан облысы әкімінің орынбасары болған. Ал, 2019 жылдың тамыз айынан бүгінгі күнге дейін Шымкент қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген.

### Мақсұт ИСАХОВ -

*Шымкент қаласы әкімінің орынбасары*



Бүгін Шымкент қаласы әкімінің өкімімен қала әкімінің орынбасары болып Исахов Мақсұт Пернебайұлы тағайындалды.

Мақсұт Пернебайұлы 1974 жылы туылған, білімі жоғары, мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің экономист-ұйымдастырушысы, заңгер.

Еңбек жолын ішкі істер басқармасынан бастаған Мақсұт Пернебайұлы еліміздің бірқатар облыстарында кеден саласында, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында қызмет атқарған. Бұдан бөлек, Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, Шығыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы, Өскемен қаласы әкімінің орынбасары, Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алу комитеті төрағасының орынбасары, Алматы қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы, аталған қалада энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарып келген.



**2020 жылдың 7-10 ақпан күндеріне Солтүстік Қазақстан облысына жоспарланған сапар аясында түркістандық бір топ делегация әуелі Петропавл қаласынан 38 шақырым қашықтықта орналасқан Мамлют ауданына ат басын бұрды. 18 мың тұрғыны бар ауданда 24 мектеп бар, ал білім алатын оқушылар саны небәрі 2500 ғана. Ал, Түркістан облысы мен Шымкент қаласында бір мектептің өзінде 2500 бала оқып жатқан білім ұялары бар.**

# СОЛТҮСТІК САПАРЫ: «ЕҢБЕКТІҢ» ЕБІН ТАПҚАНДАР...



Сондай-ақ, сапар барысында «Серпін» жобасының негізінде М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алып жатқан шымкенттік және түркістандық жастармен жолығудың реті түсті. Айтып өтейік, аталмыш бағдарламаның мақсаты — жоба арқылы жұмыс күші тапшы өңірлерге халық саны көп облыстардан жастарды әкеліп, жергілікті оқу орындарында қажет мамандықтар бойынша білім беріп, сол жерде жұмысқа қалдыру арқылы кадр мәселесін шешу болып табылады.

Мәселен, Түркістан облысының Жетісай қаласынан келген Жазира Жорабаева өткен жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітіріп, жергілікті орта мектептердің біріне мұғалім болып орналасқан. Ал, Дина Серікбайқызы 2 жыл бұрын Төлеби ауданының Ұйымшыл ауылынан Теріскейдегі Мамлют ауданына қоныс аударады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша келген Дина Серікбайқызы 400 балаға шақталған Пакровка атындағы жалпы орта мектебінде психолог мамандығы бойынша жұмыс жасауда. Сонымен қатар, биология пәнінің мұғалімі Фарида Итбанова да 2017 жылы Ордабасы ауданы, Темірлан елдімекенінен отбасымен осында қоныс аударыпты. Оңтүстіктің жайма шуақ ауа-райына үйренген ол, алғаш көшіп келгенде күннің суықтығынан қиналғандығын айтады. Алайда, еңбектің ебін тапқан Фарида «мемлекет тарапынан жасалып жатқан көмек бізге талпыныс сыйлады», — дейді. Осылайша, теріскейге келіп бүгінде елдің ертеңі болатын жастарға сапалы білім саналы тәрбие беріп жүрген ұстаздар мемлекет тарапынан жасалып жатқан жағдайларды айтып, өз алғыстарын білдірді. Алдағы уақытта жеке кәсібін бастауды жоспарлап отырған олар «келемін дейтін азаматтарға құшағымыз ашық, қолдау көрсетеміз» деп отыр.









Түркістандық делегация сапарының алғашқы күнінің екінші жартысында Петропавл қаласынан 150 шақырым қашықтықта жатқан Жамбыл ауданына да ат басын бұрды. Солтүстік Қазақстан облысының бұл өңірінде оңтүстіктен қоныс аударған отбасылар саны 52. Барлығы да «екі қолға бір күрек тауып», бүгінгі күні еңбегінің жемісін көріп отыр. 19 мыңнан астам тұрғыны бар ауданға 13 ауылдық округ қарайды екен.

Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Нұрлан Сұлтанғазының айтуынша, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы одан әрі қарқын алмақ. Яғни, ағымдағы жылы тағы 48 отбасыны орнықтыру жоспарланып отыр. Ол үшін арнайы баспаналар да салынуда. Ал, көшіп келіп, өз кәсібін бастауға ниеттенген азаматтарға егін егетін жер және іске қажетті барлық жағдайлар жасалады дейді. Бұл тұста қоныс аударушылардың жағдайымен танысқан түркістандық делегация олардың алдағы жоспарларына құлақ түрді. Айта кетсек, 2019 жылы қоныс аударғандардың ішінде 14 отбасы, бүгінде жеке кәсібін ашып, жүйелі жұмыстарды жүргізіп үлгерген.

«Айғақ» телеарнасына сұхбат берген қоныс аударушылардың бірі Динара Тасболатова Түркістан облысының Созақ ауданынан 2016 жылы отбасымен көшіп келгендігін айтады. Алдағы уақытта кішігірім базар ашуды жоспарлаған ол, бүгінде ірілі-ұсақты төрт түліктің басын түгендеп, еңбектің нанын тауып отыр.

Түркістан облыстық мәслихаттың депутаты, «Нұр Отан» партиясының және қоғамдық кеңестің мүшесі Дулат Әбіш Абай Құнанбаевтың құндылығын насихаттау мақсатында, ұлы ақынның «Сенде бір кірпіш дүниеге» атты кітабын осында тұрақтаған отбасыларға тарту етті. Мұнымен қоса, оңтүстік өңірінен шыққан өнімдерді ұсынып, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев үндеу тастаған «Қамқорлық» жобасын Солтүстікте жалғастырды. Сондықтан, қоныс аударған азаматтардың бүгінгі жағдайы туралы «Айғақ» телеарнасының арнайы бағдарламасынан алдағы уақытта жіберіп алмаңыздар!

**Мақсат ТОҚСАНБАЙ,**
*Түркістан-Солтүстік Қазақстан-Түркістан.*

*Апта айшығы*

# ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ

## КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ



Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев «Қамқорлық» бағдарламасы аясында көмек көрсетілген Төлеби ауданы, Зертас ауылдық округіндегі 8 балалы отбасының шаңырағына барып, тұрмыс-тіршілігімен танысты. Көмекке мұқтаж Қуат Оралов шиттей бала-шағасымен алақандай бір бөлмелі үйде тұрып жатыр. Тұрақты жұмысы жоқ отбасы кәмелет жасына толмаған балаларына алатын жәрдемақыға жан бағып жүр. Бағдарлама аясында отбасына қол ұшын созған жергілікті кәсіпкер жуық арада үйінің шатырын жөндеуді жоспарлауда.

«Масылдық пен мұқтаждықты ажырата білуіміз керек. Мұны әр азамат түсінген жөн. Балаларға мемлекеттен бөлінетін жәрдемақыны өздеріне жұмсау қажет. Жерден асқан байлық бар ма? Үйдің алдындағы бақшаға қажетті жеміс-жидек егіп, ба -лаларды еңбекке баулу керек. Бәріміз ауылда өстік. Адамды адам еткен еңбек. Ертең үй салып жатқанда да, бір кісідей балаларыңызбен бірге сол үйдің құрылысына көмектесу керек», – деді облыс әкімі.

Жалпы аудан көлемінде тұрмыстық жағдайлары өте төмен, қиын жағдайдағы 86 отбасының тізімі жинақталған. Оларды жеке қамқорлыққа алу мақсатында қала, ауылдық округтердің әкімдері, депутаттармен кәсіпкерлер тартылып отыр.

Сондай-ақ, Өмірзақ Шөкеев Бәйдібек ауданы, Шаян ауылындағы көмекке мұқтаж көпбалалы ананың шаңырағына барып, отбасының бүгінгі тұрмыс-тіршілігімен танысты. 6 баласымен жалдамалы лашықты паналап келетін жалғызбасты ананың бар арманы – баспаналы болу. Көпбалалы ана ауыл ауруханасында кіші медициналық қызметкер болып жұмыс істейді. Отбасының тұрмыс жағдайын көзбен көрген аймақ басшысы аудан әкіміне баспана мәселесін уақыт күттірмей шешуді жүктеді. «Қамқорлық» бағдарламасы аясында ауыл тұрғынына жаңадан салынып жатқан екіқабатты тұрғын үйден пәтер берілетін болды, — деп жазады Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бәйдібек ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Боралдай ауылдық округінде орналасқан «Шаян» индустриалдық аймағында орналасатын жобалармен танысты. Өмірзақ Естайұлы аймақтың өзекті мәселелерін көзбен көріп, аудандағы елді мекендерді газбен қамтамасыз етуді міндеттеді.

Ал, Сайрам ауданы, Қарасу ауылының тұрғыны мүмкіндігі шектеулі, жалғызбасты ана Дариға Аманбаеваға «Nur Otan» партиясы Қарасу Бастауыш партия ұйымы төрағасының ұйымдастыруымен баспана салып берді. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев пен Сайрам ауданының әкімі Ұласбек Сәдібеков қуаныш иелерінің шаңырағына барып, отбасының бүгінгі тұрмыс-тіршілігін көрді. Мүмкіндігі шектеулі бала өсіріп отырған 3 баланың анасы қонақтарды шашу шашып қарсы алып, алғыстарын білдірді.

# ХХ ҒАСЫРДЫҢ АЛЫПТАРЫ

## АЛАШТЫҢ АҚЫРҒЫ АҚИЫҒЫ




Көрнекті ұлт қайраткері Әлихан Бөкейхановтың ұстанымы бойынша “Жер-Отан! Отанды сатуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды!”.

Сонау 1920 жылы қазақ жерінің тұтастығы жолында басын қатерге тігіп, күн көсем Ленинге дейін барған, сөйтіп 5,5 млн қазақ ұлты тұрып жатқан 3 467 922 шаршы шақырым Жер көлемін бекіттіріп, өз миссиясын адал атқарып шыққан Алаш көсемдерінің қатарында небәрі 29 жастағы Әлімхан Ермеков болды.

Ұлтының үлесіне ұлы құбылыс жасау жолында сол ХХ ғасырдың алыптары өз бәсекелестерінің бәсін түсіріп, кегін қоздырды.

Әлімханның бар тағдыры қазақтың бірінші саяси ұйымы “Алаш” партиясымен тығыз байланысты болған. Кейінірек ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған “Алашорда” үкіметінің үш басшысының бірі ретінде ұлттық кеңестің құрамына енді.

1917 жылдың шілде айында өткен Бүкілқазақтық съезде Семей облысынан бүкіл ресейлік құрылтай жиылысына депутаттыққа 25 жастағы Әлімхан ұсынылады.

1920 жылы 24 тамызда Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің мәжіліс залында Әлихан Бөкейханов бастаған делегация қазақ жерінің тұтастығы үшін қатерге бастарын тікті. Алайда, оның іске асуы оңайға соққан жоқ! Төрт күнге созылған комиссия отырысына Лениннің өзі қатысып, өзі басқарды.

Қарқара уезінің тумасы Әлімхан Ермеков “Қазақ автономиясына қандай жерлер кіруі тиіс”, екендігіне ғылыми негізде дәлелденген баяндама жасады. Ол өз сөзінде 5 миллион қазақ ұлты тұрып жатқан 3 467 922 шаршы шақырым жерді заңдастырып, бекітіп беруді сұрады.

1920 жылы 26 тамызда Қазақ Автономиясы мен оның Жер көлемі бекітілді. Сөйтіп, Алаш көсемдері Қазақ мемлекеті алдында өзінің тарихи миссиясын адал орындады!

Әлімхан Ермековтің Қазақстанға өте маңызды аймақтарды қайтаруға қолы жетті. Ол - Каспий жағалауы, Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Бөкей және Орынбор губернияларының бір бөліктері. Бүгінгі таңда біздің еліміздің Каспий теңізіне шығуы, мұнай мен газдың мол қорына ие болуы - Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық және саяси болашағының кепілі болып отыр.

Бар ғұмыр-дариясы саяси идеялар мен ірі іс-қимылдарға құрылған Ермеков - Алаш көсемдерінің ақырғы ақиығы,барлық дәуір бас иетін қайраткер!

Фильмнің авторы - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі кинорежиссер Назгүл Әбутұрапова.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков “Алаштың ақырғы ақиығы” фильмінің идеясын ұсынып, түсірілімге қолдау көрсеткен.

***Ардақты арысымыз туралы деректі фильмді «Айғақ» телеарнасынан 13 ақпан сағат 11:00-де, 15 ақпан сағат 16:00-де көре аласыздар.***

## Абайдың қара сөздері

### ҮШІНШІ ҚАРА СӨЗ

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

Сонан соң, не момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жиғандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді. Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүйемес еді. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады.

Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание - тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені, егер жалынбаса, тергеулі, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені. Ол болыс болғандар өзі құлық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, құларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалылығынан жетерсің» деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уездный начальник пенен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Оның себебі: әуелі - қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да - пайдалы іс, екінші - назначениемен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді.

Уә және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді. Уә және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі - тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе.

Ол билерге даугер адамдар қалмай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе; егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай, бітім болар еді.

# ТЕЛҒАРАЕВТЫҢ 4 ЖЫЛДАҒЫ ТІРЛІГІ...




Қазығұрт десе, көз алдымызға бірден шыңында, кемесі бар тау елестейтіні анық. Пайғамбардың кемесі қалған қасиетті тау әлемде санаулы ғана. Ілуде біреудің басында болатын бақ біздің елде бар. Қиял-ғажайып аңыздарға толы мекенді 2016 жылдың сәуір айынан бастап Төлеген Телғараев басқарып келеді. Түлкібас ауданының тумасы Қазығұрт аймағының төрт жылда жоғын түгендеп, барын бағамдай алды ма? Сұраққа жауап қорытынды есептік кездесуде табылды.

Ташкент-Шымкент-Самара тас жолының бойындағы Қазығұрт ауданында 110 мың халық тұрады. Жаратқанның мейірімі түсіп, шапағатын шашқан мекен соңғы төрт жылда әлеуметтік мәселесін шешуге белсене кірісіпті. Таза су бойынша арыз-шағымын арқалап жүретін тұрғындар саны азая бастаған. Өйткені, жергілікті билік 2021 жылға дейін 61 елді мекенді таза сумен және табиғи отынмен қамту қажет деп, жоспарлы жұмыс жүріп жатыр. Нәтижесі қуантарлық. Белгіленген уақыттан бір минут кешікпей басталған аудан әкімінің қорытынды есептік кездесуінде осындай жаңалықтар айтылып, халықтың жүрегіне жол табатын баяндама жасалды.

Мамандығы инженер-механик, экономист-қаржыгер Төлеген Тұртайұлы мемлекеттік қызметте 1997 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Облыстың қаржы басқармасында 20 жылдай тәжірибе жинаған Телғараев бюджеттің қаржысын қалай жұмсауды меңгерген әкім. «А» корпусының кадрлық резервінен өтіп, Қазығұрт ауданына келген бойда кезек күтпей тұрған мәселені қолға алыпты. Ішкі жолдарды жөндеп, инфрақұрылымды ретке келтірген. Жыл сайын 5-6 мектептің құрылысы жүретін Қазығұрт ауданындағы жұмыстар баяндалғанда тұрғындардың көңілі жай тапты.

Ауданның басты даму бағыты – ауыл шаруашылығы. Сондықтан, бұл аймақ көш ілгері жүріп, өткен жылы жетістіктерімен көзге түсті. Аты дардай алып кәсіпорын болмаса да, шағын және орта бизнестің арқасында Қазығұрттың қазынасына түсетін салық кем емес орындалып жүр. Бір жылдағы цифрлық оң өзгерістерді мәлімдеген әкім қағазға шұқшиып қарамай, жиылған жұртты қарата білді. Есептік кездесуде айтылатын сындар сап тыйылған тәрізді. Бұдан әлеуметтік мәселенің азайып жатқанын ұқтық. Керісінше, сексеннен асып, тоқсанға таяған қариялар батамен биліктің өкілдеріне қанат бітіріп, алғыс айтты.

«Көп ойлап, жақсы сөйле нұсқа болсын, қайтарар жауабың да қысқа болсын» — деп Жүсіп Баласағұни айтқан тәлім-тәрбиеге қатысты ой есептік кездесуде еске түсті. Өйткені, жиналыста баяндама да, сұрақтар да қысқа-нұсқа. Тұрғындармен жиі кездесіп тұратын әкімнің есігі ашық екені байқалады. Бір сыдырғы мінезімен, қойылған сауалдарға байыпты жауап айтқан Төлеген Телғараевқа жұрт қанағаттанарлық деген баға беріп жатты. Өткен жылды түйіндеген бұл басқосуға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұлан Тәжібаев қатысып, жерлестерімен қауышқанына қуанышты екенін жеткізді.

Облыс әкімінің орынбасары Ұлан Қалмұханұлы жастық шағында есінде қалған Қазығұрт ауданының тыныс-тіршілігін еске түсірді. Осыдан жиырма жыл бұрын әлеуметтік проблемасы шаш етектен болатын аймақтың әлеуеті жақсарғанына көз жеткізіп, түйген ойымен мінберде тұрып еркін бөлісті. Рухани аймақтан келген биліктің жауапты өкіліне сұрақтар қойылып, орайлы сәтті пайдаланғандар жауап алып үлгерді.

«Ағайын-туған не керек – аңдысып күні өткен соң» — деп еліміз текке айтпаған. Қазығұрт ауданының тұрғындары бір ымыраға келіп, жиынды бір сағаттың көлемінде аяқтады. Сәтін салса, межелеген жоспарға жетемін деген Қазығұрт ауданының әкімі Төлеген Телғараев жиылған жұртқа алғыс айтып, біріксек,алынбас қамал жоқ деп тарқасты.

**Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ**



*Журналист 70 жаста!*

# КӘРІМ - ҚАТАРЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ



Неге екенін өзім де түсінбеймін, өзгені былай қойғанда, өзімнің де туған күнімді есте сақтауға ұқыпты емеспін. Сонау мектеп қабырғасында жүргенімде де сыныптағы қыздар «Бүгін сенің туған күнің, құтты болсын!» деп есіме салып жататын. Солай бола тұра, жылдың басы болғаннан кейін бе, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1992-1998 жылдардағы бас редакторы Кәрім Үкібаев досымның туған күні есіме өшпестей боп сақталып қалыпты. Ұмытпаймын. Биылғы ақпанның 15-і Кәрекеңнің мерейлі жетпісінші жылы!

Жақында досымның жағдайын біліп қайтайын, деп үйіне арнайы бұрылдым. Есік ашыла, алдымнан жайраңдап Толқын, Сәуле атты қыздары шықты. Сондай тәрбиелі, сыпайы да кішіпейіл өздері. Кішкене кезінен білеміз ғой. Кәрекең оларды қатар тұрғызып қойып, тақпақ айқызғанда екеуі де тақылдап бір-бірінен асып түсуге тырысатын. Біз риза болып қол шапалақтайтынбыз. Енді бұлар білікті мамандар, бірі – банкир, екіншісі – педагог.Олар сырт киімімді ілгекке іліп, мені әкесі отырған бөлмеге алып келді.

Ішке енгенімде, Кәрекең қанатын қомдаған қырандай алға ұмтыла, орнынан тұрып кетпекке бекінгендей болып еді, білегіне тығулы егу түтікшелерін көріп:

– Ойбай, қозғалма, – деп шыр ете қалдым. Қаусыра құшақтай амандасып,қарсы бетіндегі оқалы орындыққа жайғастым.

– Тұмау ма, система алып жатыр екенсің?

– Е-е, алдын алу шарасы да, аурудан сақтануды біліп алдық қой, – деді де, үсті-басыма зер сала қарап:

– Кәстөмді қатырыпсың, ә?! – деді баяғы жігіт кезіндегі қалжыңдайтын әдемі сарынмен жүзіне нұр жүгіртіп.

– Жетпістің үзеңгісіне аяқ салып тұр екенсің, құтты болсын! Осыған жеткізген Аллаға шүкір дейік! Уақыт қандай жылдам десеңші, «Елуінші жылғылар» деген атқа ие болып, жалындаған жастық шақтың буымен шалқып жүрген шағымыз кеше ғана сияқты еді. Есіңде ме,барлық құрдастар теміржол вокзалы аумағындағы кішкене жалдамалы пәтеріме жиналып, менің қырық жасқа толғанымды думандата атап өткеніміз? Партия тұрмысы бөлімінде менімен бірге қызмет еткен бүгінде Дәулет қажы атанған Исабеков жұбайы Несіпкүлмен қосылып әдемі халық әнін айтқанда, сен іле-шала іліп әкетіп, бірнеше халық әнін орындап едің ғой.

– Иә, сонда бір тамаша басқосу болып еді, Үрзада тамада ретінде отырысты керемет жүргізді ғой. Оразханның Омар ләйәм термелерін орындағаны, Бекзаттардың шабыттана «Шардара» әнін шырқағаны, Төреханның өзінің «Сәске» атты класикалық өлеңін оқығаны, Қуандық пен Анардың майысып вальске билегені, сенің телефонда қыздардың дауысын айнытпай салып талай жігітті қалай алдағаныңды есітіп, қыран-топан күлгеніміз... бәрі есімде. «Келген жерің қырық, енді тірлігіңнің бәрі болады мырық», деп саған өлең шығарғанымды да ұмытқан жоқпын.

Иә, шынында да Кәрімнің маған арнап шығарған сол әзіл өлеңі оңаша қалғанда көңілімді кәдімгідей құлазытып «қырыққа да келдім, қартайды деген осы екен ғой» деп қалың ойға батқаным да рас. Сөйтсек, ол қылшылдап тұрған шағымыз екен ғой, қайдан білейік-ай...

Облыстық “Оңтүстік Қазақстан” газеті ол кезде отыздың айналасындағы біздер үшін “ересек” болатын. Газет апта сайын бес рет жарық көреді, сіңбіруге мұрша келмейтін. Орталарындағы бес-алты жас жігітті отқа да, суға да салатын. Кәрім екеуміз ең таңдаулы аудармашы ретінде облыстық пария комитетінің пленумдарын кең мәдениет сарайының киноаппаратуралары тұратын тар бөлмесінде отырып, залдағы құлаққап арқылы тыңдап отырғандарға орысшаны қазақшаға ілеспе аударма жасайтын едік. Алғашқыда «Қағаздан аударуға келісем, ал ілеспе аудару деген мүмкін емес нәрсе ғой. Бір сөйлемді аударып жатқанда екіншісіне өтіп кетеді» дегенімде ол жай ғана жымия күліп: «Сөйлеушілердің аузынан шыққанын шыққандай іліп алып аудару, әрине, мүмкін емес. Олардың не айтқанын тыңдап алып, соның қысқаша мазмұнын түсіндір», – дегені маған үлкен сабақ болып еді.

Еске түскен соң айту керек, бізге сол кездегі аға буынның берҚгені өте мол еді. Олардың бәрі де кілең қасқалар мен жайсаңдар. Алды қызметке елуінші жылдары КазГУ-ді бітіріп келген редактор Әбекең – Әмірсейіт Әлиев, Әбдіманап Әлшериев, Уәлихан Темірбеков, Пайыз Кәдеев, Жұмамұрат Тұяқ-баев, Қалмахан Анарбеков, одан кейінгілер Сәділ Кәдеев, Байдулла Қонысбеков, Өтепберген Есенбаев, Мархабат БайҚғұтов, апайларымыз Несіпкүл Әбді-керімова, Зейнеп Рысбекова, т.б. Бойды да, ойды да сол кісілерге қарап түзедік. Бір қызығы университетті сол елуінші жылдары бітіріп келгендер басқарып отырған газетте айналасы бір-екі жылдың ішінде елуінші жылы туған кілең жас мамандар бас қостық, бірге жұмыс істедік.

Сол тұста Мархабат ағамыздың:

– Мен осы елуінші жылғыларға ерекше сүйсінемін, түбі “Оңтүстік Қазақстанды” осылар билейтін болады, – дегені естен шықпайды. Айтқандай-ақ, біздің тұстастардан білікті азаматтар шықты, баяғы елуінші жылы КазГУ-ді бітіріп келген ағаларының орнын басты. Өз тұстастарымыз Рүстем Өмірзақов кейін Түлкібас аудандық, Біләлі Құлыбеков Мақтаарал аудандық газетінің редакторы, Исақ Әбубәкіров Әл-Фараби аудандық партия комитетінде нұсқаушы қызметін атқарса, Кәрім Үкібаев пен Оразхан Жарқынбеков «Оңтүстік Қазақстан” газетінің бас редакторы, Төрехан Рәмбердиев, Қуандық Оразбекұлы, Бекзаттар Дінәсілов республикалық «Егемен Қазақстан»,“Айқын” «Теміржолшы» газеттерінің оңтүстік өңіріндегі меншікті тілшілері, Үрзада Айтөреева облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары болды. Бәрі-бәріміз де “Оңтүстіктен” рух алғандар едік. Біз мықты, айтары мол, қолынан көп нәрсе келетін адамдармен бірге жұмыс істедік, солардың жолымен жүруді мұрат тұттық.

Мен Кәрекеңді сол кездегі Бөген аудандық «Коммунизм таңы» газетінен ауысып келген 1983 жылдан бері білетін болсам – сол уақыт ішінде қатарластарымыздың көшбасшысы деп қабылдағанымды жасырмаймын. Оған басты себептің біріншісі – ешкімге ұқсамайтын байсалды болмысына үйлескен тамаша мінез байлығы, жанының тазалығы мен қарапайымдылығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін инабатылығы. Екіншісі – ерекше еңбекқорлығы, қай істі қолға алса да көзін таба білетіндігі мен жоғары ұйымдастырушылық қасиеті. Оның бұл қабілеті ел Тәуелсіздігінің іргесі енді қалана бастаған 1992 жылы бас редактор болып іске кіріскен қиын кезеңде айрықша көрінді. Өндіріп жазатын және олардың бәрі де тиянақты,айтар ойы бар, өнегесі, ғибраты мен тәрбиелік мәні терең материалдар қатарында тұратын. Аптаның әр сейсенбісінде өтетін лездемелерде дөп тиер дұрыс сөз бен кесіп түсер кермек сынға құрылған мақалаларды теріп алып мақтайтын, өзі жазғандай қуанып, өзгелерге өнеге етіп отыратын.

Айтар ойын алыстан орағыта, оқырманды шатастыратын шұбалаңқы, жаңылтпаш сөзді қолдануға құмар жас журналистерге бұндай тәсілден аулақ болуды жиі ескертіп отыратын. Бір лездемеде: «Орыстарда «Взять быка за рога» деген сөз бар. Сол сияқты бос сөз қуалап алыстан орағытпай, оқырманды зеріктіріп, ойды шашыратпай, бірден тоқетеріне көшу керек қой» дегені есімнен шықпайды. Содан кейін «Кәрекең айтқандай, бірден мүйізден ұстау керек қой, мына жерде автордың не меңзеп тұрғанын түсіну қиын» деген әңгімелері жиі айтылатын болды.

Кәрім құрдасымыз «Бас редактор» болдым деп бюрократияға бой ұрған жоқ. Ешкімге дауыс көтермеді, қарапайымдылығынан танбады. Алдына келген кісінің мәселесін қайтарған жоқ. Кәрімнің адалдығы, тазалығы, адамдарға деген шынайы ақ пейілі мен ешкімді алаламай, бәріне бірдей қарайтын кіршіксіз пәк көңілі күнделікті қызмет барысында айқын аңғарылып тұрушы еді.

Бірде редакцияға жерлесім, Шымкент қалалық тұрғын үй-коммуналды шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Есбосын Дәртаев аға мені арнайы іздеп келіп.

– Бастықтарың Кәрім Үкібаевқа кіріп, ауызба - ауыз сөйлесіп, кеңес сұрайтын бір маңызды мәселе бар еді. Бұрын соңды араластығым жоқ болған соң, жүрексініп тұрғаным, не жәрдемің бар? – демесі бар ма?

– Оу, көке, ешқандай жәрдемнің кереғі жоқ. Қобалжымаңыз, ол өте кішіпейіл, қарапайым , жұрттың бәріне алалаламай бірдей қарап, қамқор болып жүретін жан, Алаңдамай кіре беріңіз,жақсы қабылдайды.Қайтарыңызда хабарын айтып кетіңіз, кабинетімде күтем – деп қабылдау бөлмесіндегі хатшы қызға апарып журналына тіркеттім де, кері шығып кеттім. Күнделікті қарбалас жұмысқа кірісіп , оның үстіне арада біраз уақыт өткен соң ол кісіні ұмытып та кеткен екенмін... Әлден уақытта есікті қағып, бірақ жауабын күтпей көкем кіріп келді. Бағанағыдай қобалжу кейпінің ізі де жоқ, жүзі бал-бұл жанып, өзімен бірге көзі де нұрға бөленіп тұр.

– Мұндай басшыны өмірімде бірінші рет көріп тұрмын. Керемет қой бұл, сөйлесудің өзі бір ғанибет. Не деген тәрбиелі жан, – деп таңдай қаға таңқалды. – Мен кірем де, шығам деп едім, жарты сағатқа жуық сөйлесіп қалдық. Кешір, айналайын кейін хабарласармын, – деп асығыс шығып кетті.

Ол кісінің қандай шаруамен келгенін, Кәріммен не жөнінде сөйлескенін, тірлігі біткен-бітпегенін мен сұраған жоқпын, асығып тұрған ол айтпады. Бірақ, бар білгенім және көкемен қосыла қуанғаным – оның біздің жұмысымызды басқарып отырған редакторға, менің құрдасыма шексіз риза болғаны, ерекше құрмет көрсеткені болып еді сонда.

Әне, біздің Кәрекең сондай жан!

Әдетте, Кәрекеңді жылы жүзі мен үнемі күлімдеп тұратын көзіне қарап қаталдықтан ада, бәріне бас шұлғып көне беретін тегеуріні жоқ, иіні жұмсақ басшы деп ойлауға тағы болмас. Ақиқатында, ол парасатты, пайымды, жазуды да, айтуды да, ұрсуды да, қайтуды да білетін – әмбебап жан. Мәдениетті, ұстамды,бәрін терең ойлап, ақылмен шешетін. Іскерлігімен қоса адами асыл қасиеттерді ұштастыра біледі және сонысымен де ол өзгелерден ерекше көрінеді.

Карекең, сонымен бірге заман ағымына тез икемделе біледі. Бұл қайсар да алғыр қасиеті әсіресе Тәуелсіздігіміздің елең–алаңындағы «өтпелі кезең» деп аталған қиын шақта анық байқалды. Ал, ол кездегі жұмыстың салмағын бүгінгі өлшеммен салыстыруға мүлдем келмейтін еді. Ірі кәсіпорындар тоқтап, шағын кәсіпорындар әлі күш алмаған ауыр жағдай қалыптасып, бюджеттен қаржыландыратын мекеме қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу ең күрделі проблемалардың біріне айналды. Мұғалімдер 5-6 айға дейін, ал дәрігерлер тіпті жылдап айлық ала алмады. Олардың қатарында әрине, қалам ұстаған журналистер де болды.

Қаржы тапшылығы мен газет басатын рулонның жетіспеуі редакция өміріндегі ең басты түйінді мәселеге айналды. «Бас редактор қандай болса, газет сондай болады» дегендей газет шығару процесі тоқтап қалса қолынан іс кемей, ұжымды сазға отырғызды, редакцияның тарихында болмаған жағдай Кәрімнің кезінде орын алды, «көтере алмас шоқпарды беліне байлап несі бар» деген атқа қалайын деп тұр. Бірақ Кәрім сол тұста сабырлылық пен шыдамдылық танытты Сырт көзге қиындыққа қажымаған, жігері жасымағандай көрінген. Бірақ іші өрт болып жанып жатқан шығар-ау. Содан да ол тынбай, жар құлағы жастыққа тимей ізденіп, тырбанып дегендей қиын тұстан аман шығудың жолдарын қарастырды. Ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдыра білді. Бұрын қалам ұстап қана күн көрген әріптестеріміз нарық талабын тез түсініп, өзара есеп айырысу, басқа да экономикалық ұғымдарды меңгеріп, табыс табудың жолдарын іздестірді, журналистер мекемелерді аралап, басшыларымен келісімшартқа отырды. Олардың жарнамаларын жариялап, соның есебінен материалдық жағдайды түзету бағытын ұстады. Сол кездегі мекеме-кәсіпорындарды басқарған азаматтардың көпшілігі газеттің жағдайына түсіністікпен қарап, қол ұшын созғандары үлкен көмек болды. Тіпті 1994 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 70 жылдық тойына түскен тартуларды арнайы комиссия арқылы сатып, түскен қаржыны газет басып шығаратын рулон алуға жұмсаған. Осылайша біртіндеп тығырықтан шығудың мүмкіндігі туады.

Бұл айтуға жеңіл, жазуға оңай нәрсе болғанымен оның шынайы тауқыметі мен зардаптарын бастан өткерген жан ғана терең сезіне алатыны анық. Болмайтынды болдырып, мүмкін еместі жүзеге асырған сол кездегі аймақ баспасөзінің қаһарманына алғыс айтып, құрмет көрсетудің орнына облыс әкімдігінің жаңа басшылығы 1998 жылдың қаңтарында Кәрім Үкібаевты қызметінен босатқан.

Бұл жөнінде былтыр газеттің 95 жылдық мерейтойы қарсаңында сол бір аласапыран уақытта Кәріммен қызметтес болып, экономика бөліміне жетекшілік еткен Суханберді Оразалиев көлемді мақала жазып, егжей-тегжейлі баяндады.

«Кәрекеңді «жедел жәрдем» көлігі тікелей жұмыс үстінен алып кеткені есімде. Одан кейін біраз уақыт емделіп сырқатынан айыққандай болып еді, бірақ түпкілікті оңала алмады. Соңынан дәрігерлердің ұйғарымымен «еңбекке жарамсыз» деп танылып, екінші топтағы мүгедектікке шығарылды», – деп жазды сол мақаласында С. Оразалиев. Бұл шамамен 2000 жылдың қара күзі болса керек.

Міне, содан бері де жиырма жылға жуық уақыт өтіпті, Кәрекең өзін күтіп дегендей үйінде, отбасымен бірге күн кешіп жатыр. Жоғарғы «Отырар» мөлтек ауданындағы бір үйдің ол үшінші мен бесінші подьезінде көрші тұратындықтан өзгелерге қарағанда жиі араласып тұрушы едім, үш жыл болды жеке үй салып көшіп кеттім. Бірақ байланысты үзген емеспін. Құрдас әрі редакция ардагерлер ұйымының төрағасы ретінде жиі келіп хабарын біліп тұрам. Содан да жағдайын өзгелерден жақсы білем. Қазір денсаулығы бірқалыпты, сол баяғы әзілқой, күле сөйлейтін дағдысынан жаңылмай жетпісінде де өзін сергек ұстайды “Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл” мерекелік медалінің иегері, Төлеби ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның құрметті журналисі Кәрім Үкібаетың бөлмесінен ерекше әсер алып шықтым.

Шығар есікке жақындағанда алдымнан тағы да Толқын, Сәуле атты қыздары шығып сырт киімімді ұсынды. «Аға, жақсы әңгімелестіңіздер ма?» деді олар жарыса сөйлеп. Кешегі қатар тұра қалып тақпақ айтатын қос қыздың дауыстарында әкесіне деген перзенттік махаббат пен ескі досын арнайы іздеп келген маған деген ерекше құрметті байқап, жүрегім елжіреді.

**Слам НҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ,**
*Қазақстанның құрметті журналисі.*

(Жалғасы, басы өткен сан-

# МЫРЗАШӨЛДЕГІ Кездесулер

## (Қонаев пен Рашидов) деректі хикаяттар

"Ш.Рашидов жан-жағындағылардың барлығын гипноздап қойған, айлакерлік жасаған", "шарафрашидовщина" деген сөздер сонда бірінші рет айтылған-ды .

Онан соң Өзбекстан Компартиясының XXI съезінің қарсаңында болған тартыстар ұмытылған емес-ті. Орталық Комитетінің есепті баяндамасының жобасын Пленумда талқылау кезінде Орталық Комитет мүшесі, сол кездегі Жазушылар Одағының төрағасы Сарвар Азимов төрде отырған И.Б.Усманходжаев, В.П.Анишевқа - Орталық Комитеттің екінші хатшысына қарап, Рашидовты қаралауды тоқтатып, баяндамадан алып тастауды талап етті.

"Съезде Орталық Комитеттің хатшыларын сайлауымыз керек, кімді сайлайтынымызды анықтап алу қажет. И.Б.Усманходжаев республиканы басқаруға қабілеті, білімі жетпейді, бүкіл өзбекстандықтарды аяқасты, қор қылып отыр", - деп тікелей "шабуылға" шықты. Онан соң Наманган обкомының бірінші хатшысы болып қызмет істеген Ибрагимов Мырзаолим және оның екінші хатшысы болған Н.Руденко шығып, "Рашидов кезінде Орталық Комитет жағынан әділетсіздік болып, қызметтерінен орынсыз кеткендерін, бұған себепші болғандар "Пап" агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы, Социалистік Еңбек Ері Ахмаджон Одилов және жазушы Караматовтардың жерлестік теріс пиғылдары, бүкіл облысты басқаруды өз қолдарына уыстап отырғысы келгендігін" ашына айтты. Бұл Пленум айтыс-тартысқа айналып, көзделген мақсатқа жету екіталай болып қалған кезде, залдың артқы жағынан бұрынғы Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келген Н.Ж.Худойбердыев трибунаға шығып, өз пікірін былай айтты:

"Құрметті жолдастар, егер біз ел боламыз десек, халыққа қызмет етеміз десек - бірігейік." Бүгінгі дау-дамайды басқа уақытқа, басқа залға қалдырайық. Бүгін мына алдымызға тартылып отырған баяндаманы саяси-экономикалық тұрғыдан терең көріп шығып, жақсартайық. Орталық Комитетті, оның басшыларын сайлап алайық. Жаңадан жұмыс бастайық, сол үшін келіңдер, бірігейік!" – деп ұран тастады. Залдағы дау, айғай-шу су сепкендей басылып қалды. Жиналыс өз бағдарламасымен әрі қарай жүргізілді де, тиісті қаулылар қабылданды.

XXI съезде И.Б.Усманходжаев жасаған баяндамада, сөзге шыққан делегаттар, әсіресе Рашидовтың ең сенімді жандайшабы болып жүрген қызметттестері Орталық Комитеттің, оның басшыларының жұмыстарын бүтіндей қаралап шықты. Бұл жерде Мәскеудің тікелей ұр да жық нұсқауы, тапсырмалары айқын көрініп тұрды.

Онан соңғы тіршіліктер көпшілікке белгілі "Мақта ісінің" айналасында болды. Мәскевалық тергеушілер Т.Гдлян, А.Ивановтар бүкіл Өзбекстанды дүрліктірді, әсіресе жоғарғы сатыдағы басшыларға қатты шүйлікті. Орталық Комитет хатшылары, Министрлер Кеңесі басшылары, облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары, көптеген аудан, шаруашылық басшылары тергеуге түсіп, сергелдең болды, абақтыға жабылды. Барлығы болып 25 мыңға жуық үлкенді-кішілі басшыларға айып тағылды, бүкіл Өзбекстан халқына үлкен қара дақ түсті.

Ш.Рашидовты ақтау осы қара дақтан бүкіл өзбек халқын ақтаудың алғашқы батыл қадамы еді. Бүкіл іс-шара халық үшін өте жағымды, қолдау табатын әрекет болатын. И.Каримовтың Президенттік дәуірінің басында жасаған ерлігі, батылдығы, бір жақтылығы, халқының алдында үлкен абыройға кенелтті. Әрине, залдан шыққан кезде, кейбір кісілердің бет-келбеттері сұрланып, күңкіл сөздер айтқанын байқадық. Бірақ бұл күңкілді көпшіліктің қуанышы, орнынан тұрып ду-ду қол шапалақтауы, қуанышты көздерінің жарқылдары, көтеріңкі көңіл күйлері басып, жоқ қылып жіберді.

Содан соң Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесі сессиясында арнайы комиссия түзіліп, кезінде Т.Гдлян, А.Иванов, тағы басқалар жағынан қуғынға түскен, сүргін болған басшыларды ақтау (реабилитация) жағы қарастырыла бастады. Екі жылдың ішінде олардың бәрі ақталып, бала-шағасы, отбасыларымен қауышты. Көпшілігіне қызмет берілді, кейбіреулері қазірдің өзінде үлкен лауазымды қызметтерді жақсы атқарып жүр.

Әрине, бұл ел басына түскен ауыртпалық науқан Ш.Рашидовтың туып-өскен жері - Жызақты да шарпып өткен-ді. Ол кісіге жақын деген сылтаумен Жызақ облыстық партия комитетінің хатшысы абақтыға жабылды. Облыстық Ішкі істер басқармасының бастығы генерал кенеттен көз жұмды. Жызақ қалалық комитетінің бірінші хатшысы, облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, кәсіподақ комитетінің төрағасы партиялық жазасын алып, қызметтерінен кетті. Оңдаған аудан, шаруашылық басшылары, мақта тазалау зауыттарының директорлары, орта буындағы қызметкерлерге дейін жауапқа тартылды.

Мырзашөл ауданының мақта зауытын, шаруашылықтарын Т.Гдлян тобының екі тергеушісі алты ай жатып тексерді. Бірақ ілінетін ілмек таба алмай, сарсаң болды. Ақырында топшылап айып тақты, Иіржар зауытының біраз басшыларын, адал кісілерді жауапқа тартпақ болып, құжат түзді. Сотқа барған кезде, ол құжаттардың дәлелсіздігі анықталып, алты ай жүрген жүрістері, жасаған жаласы жоққа шығып, жеңіл-желпі жазамен көпшілігі қатарға қайта қосылды. Бұл жағдайды көп кісілер түсіне алмай,«неге бұлар аман қалды» деп таңырқап, тіпті көре алмағандары да болды.

Міне, осындай 1937 жылғы науқанды еске түсіретін 4-5 жылды Өзбекстан халқы өз басынан өткізді. Ақыры жақсы болып, Ш.Рашидов бас болып ақталып, елдің көңілі жайына түсіп, барлық ынта-жігері, ықыласы жаңа басшылардың жақсылықтарына аударылды.

Осындай ақтау жиынынан соң, көтеріңкі көңіл күйімен Елбасы И.А.Каримовтың қатысуымен берілетін қонағасына келдік.

Димекең басшылардың бұл игілікті жұмысын өте жоғары бағалап, тост көтерді. Президенттің батылдығын, Тәуелсіздіктің кереметін халық, әрбір адам сезініп отырғандығын, көптің алғысын алатын тарихи шешім екендігін баса-баса айтты. И.Каримов орнынан тұрып, Димекеңді құшақтап сүйіп, шынаяқтарын соғыстырып, дән риза екендігін сездірді. Сол жерде дүйсенбі күні сағат 1000-де резиденциясында күтетіндігін де айтқан екен. Белгілі қайраткердің мерейтойы осылайша жақсы аяқталды.

Келесі күні қазақстандық делегацияны қадымғы тарихи орын - Самарқанға жол сапарға алып шықтық. Облыстың шекарасында әкімнің орынбасары А.Нуруллаев күтіп алды. Тарихи жәдігерлігі мол қаламен танысу Ұлықбектің обсерваториясынан басталды.

Осы жерде күтіп тұрған экскурсовод бірден тарихты айтып, ғарыш әлеміндегі жұлдыздарды зерттеудегі Ұлықбектің ғылыми жетістіктерінің дүние жүзінде сол уақытта теңдесі болмағанын тұжырымдады.

Онан соң "Шахи Зинда" қабырстанына бардық. Мұнда Димекеңнің көңіл қойғаны Халифа Саиид Аббас Ұлы Әзірет Құсамның қабырына зиярат ету болды. Әзірет Құсам – ағасы Аббастың ұлы. Оның анасы Хорис қызы пайғамбардың әйелі болған Маймунаның сіңлісі. Әзірет Аббастың төрт ұлы болған, бәрі де мұсылманшылықты енгізу жолында күрескен:

1. Фазл мазары - Шам уәлаятындағы Ярмұқ деген жерде;

2. Абдулло - Мекке маңындағы Тоиф уалаятында;

3. Убайдулло мазары - Мәдинада;

4. Құсам мазары - Самарқанда.

Әйгілі миссионер Құсамның Самарқан халқына мұсылманшылықты мойындату мақсатына Араб елінен келіп жасаған жорықтары Димекеңе тарихтан мәлім екен. Сол жорықтардың бірінде шейт болған соң, бұл жердегі халық қайтадан пұтқа табына бастаған. Осыдан кейінірек Мұхаммед ғ.с.м пайғамбардың сәлемімен, асаба Құтайба жеті ай қырғын соғыспен мұсылмандықты мойындатқан. Жергілікті молдалар осы қабырдың басында Құран оқыды, біз өз ниеттерімізді білдірдік.

Имам Мұхамед ибн Исмаил Бухарий - "Сахехи Бухарий" кітабының құрастырушысы. Бұл кітапта бір мың алты жүз хадис қағидалары жинақталған. Қасиетті Құраннан кейінгі мұсылмандардың, Ислам дінінің ережелері (ғибадат) және құқықтарының негіздері жазылған. Қожа Исмаил Бухарий Самарқаннан 16 шақырым жердегі Хартанак қыстағында 869 жылы жерленген.

Қазір ол кісінің мақпарасы қайта құрылып, жаңартылған. Дүние жүзі мұсылмандары зиярат ететін киелі орын болып қалыптасты.

"Гур эмир" тимуридтер династиясының мавзолейін Әмір Темір көзінің тірі кезінде Мухамад Сұлтанның медресесін көруге барған кезде сол медресенің күнбатар жағынан өзінің қабыры үшін мәрмәр және көк тастардан биік күмбез орнатқызған. Осы күмбездің терістігінен кең ауласы бар медресе салдырған. Өзі салдырған күмбезге алғашқы етіп ең жақсы көретін, қиын кезде жәрдем берген Саиид Борананың қабырын жайғастырады. Оның "аяқ жағына мені көмесіңдер", деп аманат айтқан. 1405 жылы ақпанда Ә.Темір 300 мың атты әскерімен Қытайды жаулап алу үшін жорыққа шығады. Отырар маңында науқастанып, Түркістанның бегі Келдібектің үйіне қонады да, сол жерде қаза болады. Бес күн алып жүріп, оның мүрдесін Самарқанға жеткізеді. Өзінің орнатып кеткен кесенесіне тас сандықтың ішіне салып жерлейді. Қазір Сұлтан Шахрух мырза, Мироншох, Мухамад Сұлтан және мырза Ұлықбектердің қабыр тастары бір күмбездің астында жатыр. Олардың рухтарына арнап Құран оқылып, бата жасалды.

Самарқанның туристерден бос болмайтын тарихи жері - Регистан алаңы. Мұнда зәулімдігімен, Орта ғасыр сәулетшілерінің құрылыстағы өнерінің шыңын байқататын үш бірдей медресе бар. Олардың алдыңғы қақпалары бір-біріне қаратылып орналастырылғандықтан, ортасынан алаң пайда болған. Міне, осы алаң - Регистан.

Шердор медресесі Ұлықбек медресесінің қарама-қарсы, күн-шығыс жағында. Бұл медресені 1628 жылы Жалаңтөс Бахадур салдырған. Медресе Самарқандтағы ең көрікті ескерткіш, оның биіктігі қиялға сыймайды, үлкендігі көзді алады, бір алып таудай әсер қалдырады. Оның қақпасының жанына екі арыстанның (шер) суреті салынған, одан жоғарырақ арыстандардың басына нұр сәуле шашып тұрған күн, екі шетіне екі зәулім күмбездер, әр күмбездің ең төбесіне гүлшоқтардың суреті салынған.

Тілләқары Жәми мешіті "Ұлықбек және Шердор" медресесінің терістік жанында құрылған. Қала халқы қазірге дейін осы мешітте жиылып намаз оқиды екен. Бұл медресені де Шердордан он жыл кейін Жалаңтөс Бахадур салдырған.

Жалаңтөс Бахадур деген кім болған деген сұраққа жауап беретін болсақ, ол кісі жас кезінде Бұхара хандығында қызмет еткен. Кейінірек жиырма жылдың маңында Иномкулихонның тұсында Самарқанның Бегі болған. Қазақтың Кіші жүзінің Алшын атасының ұрпағы. Жалаңтөстің қабыры Самарқаннан 8 шақырым жердегі Дағбит қыстағында, Махдулли Әзімнің аяқ жағында жатыр.

Бұл тарихи ескерткіштерді көзімен көріп, құлағымен анық деректерді естіген қазақстандық қонақтар таң қалды. Таңдайын қағып, рухтары бір көтеріліп қалғандай болды.

Өзбек тарихшылары Жалаңтөстің ұрпағы қазаққа тірелетіндігін, оның оңдаған жылдар Самарқанды шапқыншылықтан қорғағанын ашық айқын жазғысы келе бермейді. Тек айтатыны - "алшын ұрпағынан еді", деп қысқа қайырады да қояды. Жалаңтөстің құрдырған зәулім екі бірдей медреселері Самарқанды сәулеттендіріп, Регистан алаңын әсемдікке көз тоймайтын етіп аспанмен таластырып тұрғанда, бұл тарихи деректің көзі тұрғанда несіне тарынады екен. Шығыс тарихшыларының бір сөзі бар "Тарихты алдағанмен, халықты алдай алмайсың", - деген.

Бүкіл түркі халқының рухани бабасы атанған Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иассауи мақпарасын салдырған Әмір Темір екендігі ашық айқын жазылып та, айтылып та жүр ғой. Тарихи шындықтар өз орындарын алатын кез келді.

Осылай жүргенімізде түскі мерзім ауа бастағанын білмей қалыппыз. Түс кезінде Самарқан облысының бірінші басшысы Полат Әбдірахманов өз саябағында Димекең бастаған делегацияны қабылдап, ас-су берді, шапан жапты, сувенирлер табыс етті.

Онан соң, Елдардың досы Тахир Яхяевтың үйіне қонақ болып бір-екі сағат отырып, кейінірек Жызаққа қайтып келдік.

Мен Мырзашөлге келіп, ертеңгі қонақтарды күтіп алу дайындығын жігіттермен ақылдасып, бірқатар мәселелерді келісіп алдық.

8 қараша күні таңертеңгі шайды Жызақта тұратын іскер жігіт, бауырымыз Қарсыбай Тажидиновтың үйінен ішіп алған соң, қонақтар Мырзашөлдің кіндігі Гагарин қаласына бет алды. Бұл жүріс ресми емес еді, тек біздердің (менімен, Тоқсанбаев Бекежанның) өтініштеріміз бойынша келе жатыр едік. Сондықтан, ресми кісілерден Үкібаев Артықбайдан басқа кісілер болған жоқ, онысы да бізге дұрыс болды-ау.

Аудан орталығына кіріп келгенде, көзіне түскен кең көшелер, екі қабат ғимараттар, көк желек әсем ағаштар Димекеңді біраз толғандырған сияқты, "Оу, мұнда үлкен қала салып жіберіпсіңдер ғой" деп қалды.

Дүние жүзін таң қалдырған, адам баласының тарихында алғаш рет ғарышқа ұшып ерлік жасаған Ю.А.Гагариннің ескерткішінің алдында адамдар ығы-жығы болып кеткен. Үлкен көшемен сол тұсқа келіп тоқтап, машинадан түстік. Аудан еңбекшілері алаңның екі жағына жайғасыпты, ортадан жоғары қарай өтетін жол қалдырған.

Мұнда ауыл ақсақалдары, шаруашылық басшылары жалпы қала жұртшылы жиналған еді. Димекең жол-жөнекей қолы жеткен кісілердің барлығымен сәлемдесіп, тепкішекпен жоғары қарай өрледі. Негізгі мақсат - ол кісіні халықпен кездестіру, елмен таныстыру еді.

Осы кездесуге арналған жиынды мен ашып бердім, осында қатысып отырған ақсақалдармен, ауыл ақсақалдарымен, еңбек ерлерімен таныстырдым. Солардың ішінде үлкен құрметпен атағаным Қынабек Үкібаев - Социалистік Еңбек Ері, Мырзашөлді игеруге соғыстан кейінгі жылдары, онан соң орасан еңбек сіңірген Инобат апа Ахунова, аты әлемге белгілі Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған механизатор Турсуной Ахунованың туған сіңлісі, бізде "Өзбекстан" кеңшарының директоры, екі рет Совет Одағының Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланған, апасының жолын қуып, механизатор кәсібін меңгеріп, Мырзашөлді игеруді қатардағы механизатордан бастап, үлкен шаруашылық басшысына дейін көтерілген. Ілияс қажы Пахтакор ауданында жасайтын елдің ақсақалы, білермендігімен, ақылпарасатымен қиын-қыстау кезеңдерді басынан аман-есен өткізіп, қарттықтың рахатына бөленіп жүрген кісі.

Онан соң аудан тарихымен, экономикасының өркендеу жолымен таныстырдым. Аудан 1967 жылдың басында құрылған кезде, нақ осы Гагарин қаласы кішкене құрылысшылар поселкесі еді, жан-жағы мидай дала (Шымқорған совхозының жайылымы) еді. Енді міне, 50 мың гектардан астам жер игеріліп, "Ақ алтын", "Достық" және "Арнасай" аудандары бөлініп шықты. Ауданның қазіргі жер көлемі 30 мың гектардан астам сулы жер, арнайы жобамен мақта егуге мамандандырылған, 50 мыңнан астам халқы, жартысынан көбі жергілікті қазақтар жасайды. Жылына 60 мың тоннадан астам мақта шикізатын, 15 мыңнан астам жүгері және бидай, көптеген мал өнімдері, жеміс-көкөніс өндіретіндігімізді айттым. Онан соң сөзді Д.А.Қонаевқа бердім.

**(Жалғасы бар)**

**Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,**
*ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,*

**Әбдіғаппар СЕРІКБАЕВ,**
*ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.*



**Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізу туралы**

## ХАБАРЛАМА

**«Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі төмендегі жоба бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды:**

«Шымкент қаласындағы өзендер мен каналдардың арналарын механикаландырылған тазалау бойынша сервистік қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 32 бабында және жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамада көрсетілген біліктілік талаптарға сай келетін барлық әлеуетті қатысушылар жіберіледі. Конкурсқа қатысуға және конкурсты ұйымдастырушыға ұсыну үшін, қажетті құжаттардың тізбесі мен әлеуетті қатысушыларға қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада көрсетілген.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесін сағат 9.00-ден 13.00 дейін және 15:00-ден 18:30 дейін «Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінен келіп алуға болады. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық құжаттаманың көшірмесін алу уақытында журналға тіркелуі тиіс. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Nursultan Nazarbayev даңғылы, 10, 15-7 кабинет.

Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну мерзімі 2020 жылғы

21 ақпан күні сағат 18.00-ге дейін «Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қабылданады.

Біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімдері 2020 жылы 27 ақпан күні сағат 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Nursultan Nazarbayev даңғылы, 10, 15-7 кабинетте қабылданады.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2020 жылы 27 ақпан күні сағат 16.00-де «Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінде ашылады.

**Анықтамалық ақпаратты 8 (7252)24-74-19; 8(701)707-07-85 телефондары арқылы алуға болады.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**о проведении конкурса по определению частного партнера**

**Государственное учреждение «Управление сельского хозяйства и ветеринарии города Шымкент» объявляет о проведении повторного конкурса по определению частного партнера с использованием конкурсных**

Конкурс по определению частного партнера проекта государственно-частного партнерства «Сервисное обслуживание по механизированной очистке русел рек и каналов города Шымкент».

К конкурсу допускаются все потенциальные участники, отвечающие квалификационным требованиям, указанным в ст. 32 Закона Республики Казахстан «О государственно-частном партнерстве» и конкурсной документации по выбору частного партнера.

Перечень необходимых документов и требования к потенциальным участникам для участия и предоставления организатору конкурса, указаны в конкурсной документации.

Пакет копии конкурсной документации можно получить с 9-00 до 13-00 часов и с 15:00 до 18:30 часов в государственном учреждении «Управление сельского хозяйства и ветеринарии города Шымкент» по адресу: Республика Казахстан, г.Шымкент, проспект Nursultan Nazarbayev 10, 15-7 кабинет. При получении копии конкурсной документации потенциальный частный партнер должен зарегистрироваться в журнале регистрации.

Документы для квалификационного отбора, представляются в ГУ «Управление сельского хозяйства и ветеринарии города Шымкент» потенциальными частными партнерами до 18:00 часов 21 февраля 2020 г.

Потенциальный частный партнер, прошедший квалификационный отбор предоставляет Конкурсные заявки до 13:00 часов 27 февраля 2020 года по адресу: Республика Казахстан, г.Шымкент, проспект Nursultan Nazarbayev 10, 15-7 кабинет.

Вскрытие конвертов с конкурсными заявками будет осуществлено 27 февраля 2020 года в 16:00 часов в ГУ «Управление сельского хозяйства и ветеринарии города Шымкент».

**Справочную информацию можно получить по телефону 8 (7252)24-74-19; 8(701)707-07-85.**

## Назар аударыңыз, сауда – саттық!

Кепіл ұстаушы Садыкова Кульбаршин Копбаевнаның сенімді тұлғасы, тұратын мекенжайы: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Мөлтек көшесі, 27 үй, 19 пәтер – Кепілге қойылған мүліктің соттан тыс сауда-саттығын ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының азаматы Несипкалиев С.С., ЖСН 650609300233, тұратын мекен-жайы: Шымкент қаласы, Айбергенов өткелі, 6-үй, 7-пәтер, 26.09.2018 ж. тізілімде № 3676 санмен тіркелген «Кепіл шартының» 1-тармағы бұзылуына, 21.11.2019 ж. №1 Орындамау туралы хабарлама талаптарының орындалмауына байланысты, Кепіл беруші ҚР азаматы Балгинбаев Талгат Дүйсенбековичтің, ЖСН 721121302443, кепілге салынған мүлкінің – кадастрлық нөмірі 19-295-067-4689, нысаналы мақсаты – шаруа қожалығын жүргізу үшін, ауданы 1,0000 га, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылдық округі, Қарасу ауылы, 067 орам мекенжайында орналасқан жер учаскесінің соттан тыс сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу туралы хабарлайды.

Сауда-саттыққа қойылатын лоттың бағалау құны 07.02.2020 жылға 5.018.039 (Бес миллион он сегіз мың отыз тоғыз) теңге ағымдағы берешек сомасымен 5.500.000 (Бес миллион бес жүз мың) теңгені құрайды. Берілген қарыз сомасы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарландыруларға төлеу және айыппұлды есептеу кезінде 07.02.2020 жылдан бастап 25.02.2020 жылға дейін аздап ұлғайтылуы мүмкін.

Сауда-саттық 2020 жылғы 25 ақпан сағат 11:00-де, мына мекен-жайы бойынша өтеді: Шымкент қ., Дулати көш., Перов көш. қиылысы, 22 құрылыс, екінші қабат.

Сауда-саттыққа 5% мөлшерінде немесе ақшалай түрде 275.000 теңге, 00 тиын мөлшерінде кепілдік жарнаны төлеуді жүзеге асырған, ҚР әрекетке қабілетті кәмелетке толған азаматтары жіберіледі.

Сауда-саттық өткізу тәртібі туралы толық ақпаратты кепілге қойылған мүліктің соттан тыс сауда-саттығын ұйымдастырушы, Сенім білдірілген тұлға Несипкалиев Сабит Салимжановичтен алуға болады, тұратын мекен-жайы: **Шымкент қ., Айбергенов өткелі, 6 үй, 7 пәтер, моб. телефондары: 8-707 (775)-588-30-70.**

## Внимание, торги

Доверенное лицо залогодержателя Садыковой Кульбаршин Копбаевны, проживающей по адресу: Туркестанская область, Сарыагашский район, город Сарыагаш, ул. Молтек, дом 27, кв. 19 – Организатор внесудебных торгов заложенного имущества гражданин Республики Казахстан Несипкалиев С.С., ИИН 650609300233, проживающий по адресу: г. Шымкент, проезд Айбергенова, дом 6, кв. 7 в виду нарушения п. 1 "Договора залога" от 26.09.2018 года за реестровыми № 3676, неисполнения требований Уведомления о неисполнении №1 от 21.11.2019 года объявляет об организации и проведении внесудебных торгов заложенного имущества залогодателя гр. РК Балгинбаева Талгата Дуйсенбековича, ИИН 721121302443 - земельный участок мерой 1,0000 га., за кадастровым номером 19-295-067-4689 с целевым назначением – для ведения крестьянского хозяйства, расположенный по адресу: Туркестанская область, Сайрамский район, Карасуский сельский округ, с. Карасу, 067 квартал.

Оценочная стоимость выставляемого на торги лота составляет 5.500.000 (Пять миллионов пятьсот тысяч) тенге, при текущей сумме задолженности на 07.02.2020: 5.018.039 (Пять миллионов восемнадцать тысяч тридцать девять) тенге. Указанная сумма долга может быть незначительно увеличена в связи с расходами по оплате объявлений в СМИ и начисления неустойки с 07.02.2020 г. по 25.02.2020.

Торги состоятся 25 февраля 2020 года в 11:00 по адресу: г. Шымкент, ул. Дулати, угол ул. Перова, строение 22, второй этаж.

К торгам допускаются дееспособные совершеннолетние граждане РК осуществившие оплату гарантийного взноса в размере 5% или в денежном выражении 275.000 тенге, 00 тыин.

Более подробную информацию о порядке проведения торгов можете получить у Организатора внесудебных торгов заложенного имущества, доверенного лица Несипкалиева Сабита Салимжановича, проживающего по адресу: **г. Шымкент, проезд Айбергенова, дом 6, кв.7, моб/ телефоны: 8-707 (775)-588-30-70.**

## Назар аударыңыз, сауда – саттық!

Кепіл ұстаушы Садыкова Кульбаршин Копбаевнаның сенімді тұлғасы, тұратын мекенжайы: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Мөлтек көшесі, 27 үй, 19 пәтер – Кепілге қойылған мүліктің соттан тыс сауда-саттығын ұйымдастырушы, Қазақстан Республикасының азаматы Несипкалиев С.С., ЖСН 650609300233, тұратын мекен-жайы: Шымкент қаласы, Айбергенов көшесі, 6 үй, 7 пәтер, 26.09.2018 ж. тізілімде № 3679 санмен тіркелген «Кепіл шартының» 1-тармағы бұзылуына, 21.11.2019 ж. н/з Орындамау туралы хабарлама талаптарының орындалмауына байланысты, Балгинбаев Талгат Дуйсенбековичтің, ЖСН 721121302443, кепілге салынған мүлкінің – кадастрлық нөмірі 19-295-067-4622, нысаналы мақсаты – шаруа қожалығын жүргізу үшін, ауданы 3,0000 га, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылдық округі, Қарасу ауылы, 067 орам мекенжайында орналасқан жер учаскесінің соттан тыс сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу туралы хабарлайды.

Сауда-саттыққа қойылатын лоттың бағалау құны 07.02.2020 жылға 5.018.039 (Бес миллион он сегіз мың отыз тоғыз) теңге ағымдағы берешек сомасымен 14.000.000 (Он төрт миллион) теңгені құрайды. Берілген қарыз сомасы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарландыруларға төлеу және айыппұлды есептеу кезінде 07.02.2020 жылдан бастап 25.02.2020 жылға дейін аздап ұлғайтылуы мүмкін.

Сауда-саттық 2020 жылғы 25 ақпан сағат 10:00-де, мына мекен-жайы бойынша өтеді: Шымкент қ., Дулати көш., Перов көш. қиылысы, 22 құрылыс, екінші қабат.

Сауда-саттыққа 5% мөлшерінде немесе ақшалай түрде 700.000 теңге, 00 тиын мөлшерінде кепілдік жарнаны төлеуді жүзеге асырған ҚР әрекетке қабілетті кәмелетке толған азаматтары жіберіледі.

Сауда-саттық өткізу тәртібі туралы толық ақпаратты кепілге қойылған мүліктің соттан тыс сауда-саттығын ұйымдастырушыдан, Шымкент қ., Айбергенов өткелі, 6 үй, 7 пәтер мекен-жайы бойынша тұратын Сенім білдірілген тұлға Несипкалиев Сабит Салимжановичтен алуға болады, моб / телефондары:
**8-707 (775)-588-30-70.**

## Внимание, торги

Доверенное лицо залогодержателя Садыковой Кульбаршин Копбаевны, проживающей по адресу: Туркестанская область, Сарыагашский район, город Сарыагаш, ул. Молтек, дом 27, кв. 19 – Организатор внесудебных торгов заложенного имущества гражданин Республики Казахстан Несипкалиев С.С., ИИН 650609300233, проживающий по адресу: г. Шымкент, проезд Айбергенова, дом 6, кв. 7 в виду нарушения п. 1 "Договора залога" от 26.09.2018 года за реестровыми № 3679, неисполнения требований Уведомления о неисполнении б/н от 21.11.2019 года объявляет об организации и проведении внесудебных торгов заложенного имущества залогодателя гр. РК Балгинбаева Талгата Дуйсенбековича, ИИН 721121302443 - земельный участок мерой 3,0000 га., за кадастровым номером 19-295-067-4622 с целевым назначением – для ведения крестьянского хозяйства, расположенный по адресу: Туркестанская область, Сайрамский район, Карасуский сельский округ, с. Карасу, 067 квартал.

Оценочная стоимость выставляемого на торги лота составляет 14.000.000 (Четырнадцать миллионов) тенге, при текущей сумме задолженности на 07.02.2020: 5.018.039 (Пять миллионов восемнадцать тысяч тридцать девять) тенге. Указанная сумма долга может быть незначительно увеличена в связи с расходами по оплате объявлений в СМИ и начисления неустойки с 07.02.2020 г. по 25.02.2020 г.

Торги состоятся 25 февраля 2020 года в 10:00 по адресу: г. Шымкент, ул. Дулати, угол ул. Перова, строение 22, второй этаж.

К торгам допускаются дееспособные совершеннолетние граждане РК осуществившие оплату гарантийного взноса в размере 5% или в денежном выражении 700.000 тенге, 00 тыин.

Более подробную информацию о порядке проведения торгов можете получить у Организатора внесудебных торгов заложенного имущества, доверенного лица Несипкалиева Сабита Салимжановича, проживающего по адресу: г. Шымкент, проезд Айбергенова, дом 6, кв.7, моб/ телефоны:
**8-707 (775)-588-30-70.**

АЙҒАҚ
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Сейсенбай АХМЕТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Қарлығаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:
Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі 65836 16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, 29.

Тапсырыс: №21
Таралымы: 7000

Нөмірдің кезекші редакторы - Әкерке Исмановна

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## Хабарландыру!

Құрметті «Диканбай« ӨК-нің мүшелері, Сіздерді 2020 жылдың наурыз (март) айының 04-ші жұлдызында сағат 11:00 де өтетін «Диканбай» өндірістік кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысына шақырамыз.

***Жеке куәлікпен келіңіздер!***

Күн тәртібі: Өндірістік кооперативінің атқарушы органдарын сайлау, толықтырулар мен өзгертулер енгізу, түрлі мәселелер.

Жиналыс: Ынтымақ м/а. Түркістан көшесі, н/з үй. «Гараж» Ынтымақ гаражында өтеді. Ұйымдастыру тобы:

**8702-393-99-66, 8702-504-27-22.**

## ЖАНЫ ЖОМАРТ, ЖАҚСЫ АЗАМАТ ЕДІ...



Марлен Шалтайұлы Оспанов өнегелі өмірімен, отбасындағы және қызметтестері, ағайын-туыс, жора-жолдас, көрші-қолаң арасында қадірлі, құрметті жан еді. Марлен Шалтайұлы біліктілігімен, білімділігі нәтижесінде жастарға өнеге болды. Ол кісінің кішіпейілділігі, қарапайымдылығы, аққөңілділігі ерекшеленіп тұратын. Ол университеттегі озық маман ретінде жас ұстаздар мен студенттер арасында мықты тәлімгер атанған абзал жан еді. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген, 2020 жылғы 6 ақпан күні М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті ұжымы үшін ауыр күн болды... Осы уақытқа дейін 70-тен аса методикалық ғылыми мақалалар мен нұсқауларды жарыққа шығарған асыл азаматтың жомарт жүрегі мәңгіге тоқтады. Бұл-отбасы үшін де өте қиын сәт еді... Жұбайы, балалары, туыстары, достары, ұжымы сексеннің сеңгіріне шыққан кезде, дүркіретіп тойлаған сәтте алдағы уақытта, бір жылға жетер-жетпес уақытта өнегелі өмірімен үлгі болған Марлен Шалтайұлынан айырылып қаламыз-ау деп ойламаған еді...Амал қанша...

Марлен Шалтайұлы Оспанов 1939 жылы Алматы қаласында дүниеге келгенімен, 1956 жылы Шымкенттегі №8 орта мектепті бітіріп, сол жылы Шымкенттегі Қазақ-Химия технологиялық институттың «Химия өндірісінің машина аппараты» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1961 жылы үздік бітірді. Еңбек жолын Шымкенттегі гидролиз зауытының ашытқы цехында аға механик болып бастап, екі жылдан кейін Шымкент Фосфор зауытының фосфор қышқылы цехында аға механик болып істеді.

Марлен Шалтайұлы 1967 жылдан бастап Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде үзіліссіз ұстаздық еткен жылдары «Москва қаласындағы химия машина құрылысы институтында» аспирантурада оқып, кандидаттық диссертация қорғады, университетте ұстаздықтан доцент лауазымына дейін көтерілді.

Марлен Шалтайұлы ізденгіш, еңбексүйгіш жан еді. «Бауман атындағы МВТУ», Москвадағы «Химиялық машина құрылысы» институты, Ленинградтағы «Политехникалық институты», сонымен қатар Шымкенттегі «Өндірістік бірлестіктерінде» толық квалификациялық білім жетілдіру курстарында білімін жетілдірді. Мұнай және газ институтының инспекциялық тобының мүшесі болды. Кафедрадағы ішкі кафедралық ұстаздардың жұмысын бақылау кезінде жауапкершілік танытатын. Марлен Шалтайұлы бірнеше рет Кеңестік, Республикалық және университеттік конференцияларында ғылыми мақалалар даярлап, баяндама жасайтын.

Оқу-әдістемелік, методикалық құрал, бағдарламасын дайындау барысында және курстық, дипломдық жұмыстарда асқан белсенділік танытып, үнемі жақсы істің басы-қасында жүретін.

Университеттегі қоғамдық жұмыстардың ұйытқысы болды, оның жүріп өткен жолына қарап «Қандай ұқыпты, еңбексүйгіш жан еді» деп сүйсініп жүргендер көп еді.

Шаңырақтың шаттығын шалқытқан, жұбайына, балаларына мейлінше қамқор болған Марлен Шалтайұлының жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасына, ағайын-туыс, дос-жаран мен университет ұжымының қайғысына ортақтасып, көңіл айта отырып, жүрегім сыздап, жаным ауырып отыр. Ол ажалға қимайтын, жаныма жақын жақсы азамат еді. Топырағы торқа, жаны жәнатта болсын!

**Көңіл айтушы:**
**Сұлтан ИЛЯЕВ.**

«Айғақ» телеарнасы мен «Айғақ» республикалық газетінің ұжымы Түркістан облыстық мәслихатының IV, V шақырылымдарының депутаты Келесбек Ешенқұлұлы Жартыбаевқа қызы

**Гүлнұр КЕЛЕСБЕКҚЫЗЫНЫ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Айғақ» телеарнасы мен «Айғақ» республикалық газетінің ұжымы Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Өмірзақ Пердебекұлы Мелдехановқа әпкесі

**Қыздығой ПЕРДЕБЕКҚЫЗЫНЫ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Айғақ» телеарнасы мен «Айғақ» республикалық газетінің ұжымы «Nur Otan» Партиясы Арыс қалалық филиалының бақылау комиссиясының мүшесі Парасат Байбосыновқа атасы

**Әбдіәшім БАЙБОСЫНҰЛЫНЫ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Forever Build Group» ЖШС ұжымы «Nur Otan» Партиясы Арыс қалалық филиалының бақылау комиссиясының мүшесі Парасат Байбосыновқа атасы

**Әбдіәшім БАЙБОСЫНҰЛЫНЫ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Открылось наследство

***Умер Анарбеков Сагинбек. Дата смерти 16.01.2020 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сәрсенбаева М.Ш. г.Шымкент, мкр.Нурсат, дом 12. Тел:8701-741-94-45.

***Умерла Ауесханова Шакаризада. Дата смерти 01.12.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бекешбаев Е.С. г.Шымкент, Тамерлановское шоссе, 42/9. Тел:8701-567-69-28.

***Умер Муштаев Юрий Евгеньевич. Дата смерти 17.01.2020 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рахметова Г.Р. г.Шымкент, ул. Г.Иляева, 15-26. Тел:8747-525-58-28.

***Умер Савченко Виктор Яковлевич. Дата смерти 14.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абишева Ч. г. Шымкент, ул. Уалиханова, 219-41. Тел:8777-887-47-77.

***Умер Вяльшин Равиль Яхияевич. Дата смерти 27.11.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рахметова Г.Р. г.Шымкент, ул. Г.Иляева, 15-26. Тел:8747-525-58-28.

***Умер Еганов Николай Григорьевич. Дата смерти 11.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Байтлесова З.С. г.Шымкент, трасса Темирлановская, 6А. Тел:8707-123-17-78.

***Умер Дербисбеков Бекбатыр Есимханович. Дата смерти 12.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жабаева А.О. г.Шымкент, ул. Мангельдина, 43 офис. Тел:8707-785-08-48.

***Умер Турсметов Араббек Кочкарович. Дата смерти 05.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Байтлесова З.С. г.Шымкент, трасса Темирлановская, 6А. Тел:8707-123-17-78.

***Умерла Абилдаева Кулзабира Абилдаевна. Дата смерти 04.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж. С. г.Шымкент, ул. Мадели-Кожа, 1Г, ЦОН. Тел: 8705-682-20-75.

***Умерла Абдураева Урхия Сабденбековна. Дата смерти 26.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Исабекова Д.Д. г.Шымкент, мкр. 15. ул. Ж.Шаяхметова, 7. Тел: 8702-311-08-88

***Умер Агзамов Эльдор Бахтиярович. Дата смерти 23.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Салибекова А.Т. ж. м.Сайрам, ул. Темура, 235А. Тел: 8701-777-24-86.

***Умер Сейдематов Тимур Омирбекович. Дата смерти 23.01.2020 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г.Шымкент ул. Мадели Кожа, 1Г, ЦОН. Тел:8701-741-27-45.

***Умерла Кулжигитова Канымкуль Умарбековна. Дата смерти 23.12.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г.Шымкент, ул. Мадели Кожа, 1Г, ЦОН. Тел:8701-741-27-45.

***Умерла Депутатова Наталья Газисовна. Дата смерти 15.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ингенбаева Р.А. г. Шымкент, пр.Кабанбай батыра, 14/23. Тел:8701-407-52-26.

***Умерла Тогунова Елена Алексеевна. Дата смерти 13.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абишева Ч. г. Шымкент, ул. Уалиханова, 219-41. Тел:8777-887-47-77.

***Умер Кидрали Нурсултан Муратулы. Дата смерти 12.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сейткалиева А. У. г. Шымкент, ул. Мангельдина, дом 36, кв. 3. Тел:8771-569-55-70.

***Умерла Юльчиева Халия Якубовна. Дата смерти 04.01.2020 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел:8705-758-88-08.

***Умер Сембаев Ауес Пурманович. Дата смерти 27.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мамыталиев Б.Д. Туркест. обл. Тулкибас р. с.т. Рыскулова, ул. Жантурова, 21/1. Тел:8-7253-85-17-71

***Умерла Исрайлова Пархат. Дата смерти 17.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Джунусова Р.Т. тр. Тамерлановское, 42-19. Тел: 8777-558-76-18.

***Умер Туреев Есимхан Ажиханович. Дата смерти 08.12.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Шертаева Д. Д. г. Шымкент, мкр. Күншығыс, 6/1. Тел:8702-502-15-90.

***Умер Қырықбай Фазыл. Дата смерти 19.03.2016 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменов Д.Т. г. Шымкент, мкр. 16, дом 42. Тел:8707-900-55-00.

***Умер Даубаев Мият Аметбаевич. Дата смерти 20.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Салибекова Алмаш Талгатовна. с. Сайрам, ул. Тимура, 235 А. Тел:8701-777-24-86.

***Умер Азарсков Василий Яковлевич. Дата смерти 23.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбеков Р.С. г. Шымкент, мкр. 16, дом 10, кв. 51. Тел:8707-777-60-63.

***Умер Чу-Пи-Фан. Дата смерти 21.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сагындыкова К.Ж. г. Шымкент, ул. М.Х.Дулати, дом 2, кв. 9. Тел:8702-957-94-35.

***Умер Рахимов Сайдивали Абдуллаевич. Дата смерти 17.01.2020 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Боранбекова С. С. г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, 43Б/1. Тел: 8775-969-40-66.

## Жарамсыз деп танылсын

***Полатова Мохидил атына ҚР берілген мекен-жай туралы құжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Досыбаева Бибігүл Нұржанқызының атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Уалихан Раушан Омарханқызының атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Айтбай Гүлжарқын Жақыпбекқызының атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Досмахан Ақерке Диханқызының атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Тоймбет Кәмшат Қайржанқызының атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Жұмағали Ажар Жұмағалиқызының атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Тиркашев Сайдахмад Тулкинуғлиның атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Ташматов Санжар Шамуратовичтің атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Гулшарипова Талби атына ҚР берілген мекен-жай туралы құжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Кочкарова Анварбек атына ҚР берілген мекен-жай туралы құжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Жеке кәсіпкер «Абдиматов Б» кассалық аппарат Меркурий-115 ф kz. зN 000001371215 чек кітапшасы, нақты ақша есептік кітабы, тіркеу картасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Жеке кәсіпкер «Тұрмаханбет РК» кассалық аппараттың Меркурий-115 ф. зN чек кітабы, нақты ақша есептік кітабы, тіркеу картасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Сенгірбек Айжан Қыдырбекқызына тиесілі «Өрлеу БАҰО« АҚ филиалы Түркістан облысы мен Шымкент қаласы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының «Информатика» пәні бойынша 18.02.2019-02.03.2019 жылға дейін оқып алған сериясы 004714 сертификатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

***Жеке кәсіпкер «Белгибаев С.Т» атына тіркелген мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.